

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңы мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1178 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңы мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңы мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат):

273-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сайлаушылардың тізімдерін түзету қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне шағым жасау туралы өтініш келіп түскен күні қаралуға тиіс.";

274-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтініш негізді деп танылған сот шешімі бұзылған сайлау құқығын қалпына келтіру үшін негіз болып табылады."

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-

құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар):

1) 99-бапта "бестен онға", "жиырмадан отызға" деген сөздер тиісінше "оннан он беске", "жиырма бестен отыз беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 99-1 және 102-1-баптармен толықтырылсын:

"99-1-бап. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтіру

Сайланбалы лауазымдарға кандидаттарға, олардың сенім білдірген адамдарына олардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығын іске асыру процесінде кедергі келтіру

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

"102-1-бап. Сайлаушылардың тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы дұрыс емес мәліметтер беру

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының сайлаушылар туралы дұрыс емес мәліметтер беруі,

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

3) 103 - бапта :

"оннан жиырмаға" деген сөздер тиісінше "он бестен жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 105-бапта "оннан жиырма беске", "жиырма бестен елуге" деген сөздер тиісінше "жиырмадан отызға", "отыздан алпыс беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 107-бапта "бестен онға" деген сөздер тиісінше "оннан он беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 108-бапта "онға" және "елуге" деген сөздер тиісінше "он беске" және "елу беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 108-1, 109-1, 110-1-баптармен толықтырылсын:

"108-1-бап. Сайлау науқанын сайлау қорларынан басқа қаржыландыру Кандидаттарға, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан басқа қаржылық немесе өзге материалдық қолдау көрсету, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

"109-1-бап. Заңды және жеке тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі

Заңды және жеке тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы қызметіне байланысты олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

"110-1-бап. Сайлауға байланысты қоғамдық пікір сұрауды жүргізу шарттарын бұзу

1. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарында көзделген қоғамдық пікірді сұрау нәтижелерін, сайлау нәтижелері болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді жариялау тәртібін бұзу, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайда және дауыс беруге арналған пунктте қоғамдық пікір сұрауды жүргізу, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК